




14-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Өмірді сақтандыруды жоспарлау





## Сұрақтар

- Өмірді сақтандыруды түсінігінің мәні және мазмұны
- Өмірді сақтандырудың түрлері
- Сақтандыру бойынша төлем кепілдігі
- Өмірді сақтандыру және жазатайым жағдайлардан сақтандыру ережелері

## Өмірді сақтандыруды түсінігінің мәні және мазмұны

Әрине, ақшаға сатып алуға болмайтын заттар бар, ол – өмір және денсаулық.

Дегенмен, өз өмірі мен денсаулығы үшін алаңдаушылық адамдарды сақтандыру компанияларына әкеледі. Өмірді сақтандыру асыраушысынан айырылған жағдайда, денсаулыққа зиян келтіргенде немесе белгілі бір жасқа жеткенде ғана ақшалай өтемақы алуға мүмкіндік береді.

Өмірді сақтандыру-кез келген еуропалық және американдық отбасы шығыстарының міндетті бөлігі. Еуропалық Одақ бойынша 2017 жылы өмірді сақтандыру компанияларының жалпы көлемі 5,16 триллион АҚШ долларын құрады. Еуропалықтар, егер адамда өмірді сақтандыру полисі болмаса, онда ол іс жүзінде банкрот деп санайды. Сонымен қатар, Қазақстанда да азаматтар арасында өмірді сақтандыруды дамыту үшін жағдай жасай бастады.

Өмірді сақтандыру түсінігінің тұсында Не үшін? Қалай? Қанша? Өмірді сақтандыру мен қайғылы жағдайлардан сақтандыру не үшін керек? Ол мүмкін бе? деген сұрақтар туындайды.

Воланд Булгаковский айтқандай,- «Ия адам өмірден өтетіні анық, бірақ қорқыныштысы оның қай сәтте болатыны белгісіз». Сондықтан да көз алдымызда адамдар кенеттен қайтыс болған жағдайда олардың жақындары қайғылы уақытта материалдық мәселелер туралы мазасызданбауы үшін дана адамдар өз өмірін сақтандырады. Дегенмен, өлім - бұл төтенше жағдай. Бірақ сіз бұл құбылысқа эгоисттік тұрғыдан емес, отбасыңызды қорғау жағынан қарасаңыз өміріңізді сақтандырудың мәнді екенін түсіненсіз.



Сонымен қатар, жазатайым оқиға немесе ауру салдарынан еңбек ету қабілетінен айырылудан сақтандыруға болады. Мысал: Арман жүргізуші болып жұмыс істейді және ол ипотека төлейді. Өткен демалыс күндері ол тайып кеттіп аяғын, қолын сындырды. Енді біраз уақыт жұмыс істей алмайды. Бірақ, Арманда сақтандыру полисі бар. Сақтандыру компаниясы оған отбасына қолдау көрсететін соманы төлейді.

Сіз алыс сапарға шет елге шыққанда туристік сақтандыру полисін аласыз, автокөлік пен жеке мүлікті немесе ипотекалық несие алған кезде пәтерді сақтандыру қажеттілігі маңызды екенін білесіз. Бұл жағдайларда, сіз қаржылық резервке ие бола отырып, егер кенеттен қиын жағдайға түссеңіз, материалдық мәселелерді шешу туралы алаңдамауыңызға болатынын білесіз. Онда неге өмірді сақтандыру мәселелеріне немқұрайлы қараймыз? Өз-өзіне және ертеңгі күнге деген сенімділікті адам тек өз денсаулығы мен өмірі үшін жауапкершілікті толық ала отырып қана алады. Өмірді сақтандыруды жүзеге асыра отырып отырып, тағдырдың кез келген жағдайларынан өзіңді және жақындарыңды қауіпсіздендіруге болады.



Сонымен қатар, сақтандырудың бұл түрі ақшаны депозитке салғандай жинақтауға және көбейтуге мүмкіндік береді. Көп адамдар өмірді сақтандыруды тек отбасы мүшелеріне қаржылық көмек қалдыру немесе жұмысқа жарамсыз болса қажетті қаржы ретінде түсінеді. Бірақ өмірді сақтандыру қаржыларды көбейтудің әдістеріне жататынын біле бермейді. Ия, өмірді сақтандыру-ақшаны инвестициялаудың және көбейтудің тәсілі екенін бәрі білмейді. Сіз сақтандыру бойынша төлеген ақшадан едәуір асатын сақтандыру сомасы адам өмірден кеткен жағдайда ғана емес, сондай-ақ егер ол тірі болса және Шартта көрсетілген жасқа жеткен болса да ала аласыз.

Өмірді сақтандыру схемасы өте қарапайым: сақтанушы адам сақтандыру төлемдері кезеңділігін өзі тандайды: ол жылына бір рет, тоқсан сайын немесе жарты жылда, не айына бір рет болуы мүмкін. Стандартты тариф жоқ, - сома сақтандырылған адамның жасына, жынысына және денсаулық жағдайына, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзіміне байланысты болады. Ал сақтандыру компаниясы бұл қаражатты сақтау және көбейту үшін инвестициялайды.

Бұл сақтандыру санатын сатып ала отырып, сіз өмір мен денсаулыққа байланысты мүлкіктік мүддені сақтандырасыз. Бұған өмірді сақтандыру ғана емес, аннуитеттік сақтандыру да кіреді. «Аннуитет» француз сөзінен шыққан, ол «жыл сайынғы» дегенді білдіреді. Аннуитет шарты міндетті және ол өз қызметкерлерін жазатайым оқиғалардан сақтандыратын жұмыс берушімен жасалады. Егер қызметкер жұмыс орнында жарақат алса немесе өндірісте қайтыс болса, ол немесе оның отбасы ұзақ уақыт бойы мерзімді төлем алатын болады.

Өмірді сақтандыру-ақшаны инвестициялаудың және көбейтудің тәсілі екенін бәрі білмейді. Сіз сақтандыру бойынша төлеген ақшадан едәуір асатын сақтандыру сомасы адам өмірден кеткен жағдайда ғана емес, сондай-ақ егер ол тірі болса және Шартта көрсетілген жасқа жеткен болса да беріледі.

Адамдар көп жағдайда өмірді сақтандыру үшін қанша қаржат қажет екенін дұрыс бағаламайды. Сондықтан олар әдетте дұрыс емес сақтандыру полисін сатып алады және ол үшін тым көп төлейді. Бірақ сіз өмірді сақтандыру механизмі мен негізгі логикасын түсінгеннен кейін, бұл сала сіз үшін әлдеқайда түсінікті де оңай процесс болып шығады.

Өмірді сақтандыру көп жағдайда отбасылы адамдар үшін, баланы тәрбиелеу кезінде өте маңызды, себебі баланы өсіру үшін бір немесе бірнеше адамның қаржылай қолдауы керек. Ересек жасқа келгенде оларға қажет қосымша қаржылай көмектің көлемі азайып отырады. Уақыт өте келе балалар өз бетінше жұмыс жасайтын болып, өздерінің өмірін сақтандыратын болады. Әрине, өмірдің белгілі бір циклдеріне жеткен кезде отбасы үшін өмірді сақтандырудың қажеттілігі болмайды, себебі өмір сүріп жатқан туыстар үшін осы күнге дейін жинақталған қаржы жеткілікті болуы мүмкін. Егер кімде-кім, жұбайыңыз, балаңыз, аға-ініңіз, қарындасыңыз немесе әпкеңіз сіздің табысыңызға тәуелді болса, оларды белгілі бір қиын жағдайлардан қорғау керек. Бұл жағдайда, егер сіз тәуелді табысыңыздың жанында болмай қалсаңыз, олардың өмірінде қиындықтар болып кейде қауіп те төнуі мүмкін. Сіздің балаларыңызға оқудың ақшасын төлеу немесе үй алу үшін бастапқы қаражатты жинауы керек болып қалуы мүмкін. Сақтандыру шарты отбасы асыраушысының мерзімінен бұрын қайтыс болса, жоғалған табысты туыстарына аударуды көздейді.

Алдымен өміріңізді сақтандырудың не үшін қажет және ол үшін қанша қаражат керек екенін анықтаңыз. Өзіңізге «Егер мен қайтыс болсам, немесе жұмысқа жарамсыз болсам туыстарым өздеріне қаржылық көмек көрсете алады ма?» деген сұрақ қойыңыз. Тіпті өлім туралы ойлау қорқынышты болса да, сіз күтпеген жағдайлардың алдын алу үшін эмоцияға берілмей ақылға қонымды шешімдер қабылдауыңыз керек.

Өмірдегі түрлі себептер негізінде отбасы мүшелері жалғыз асыраушысынан айырылғанда оларды қаржылық қорғау қажеттілігін қанағаттандырудың бірнеше жолдары бар, олар:

1. Қолданыстағы активтеріңіз болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға көмектесе алады. Жинақ шоттарында, депозиттік сертификаттарда, акцияларда, облигацияларда және өзара қорларда сақталатын қаражат зейнетке шығу, жол жүру немесе балаларға арналған колледж бен университет сияқты қандай да бір ерекше мақсатқа арналған. Осы активтердің туыстарыңызға тиесілі болуын қамтамасыз етіңіз. Зейнетақы шоттары келісімшартта алушы ретінде аталған табысыңызға өтуі тиіс. Отбасындағы кіші балалар бұл қаражатты неғұрлым ерте жаста пайдаланбауы тиіс, өйткені олар әлі қаржылық басқару әдістерін білмеуі мүмкін. Сондықтан балаларыңыздың ол қаржыларға белгілі бір жасқа толғанда ғана және нақты бір мақсат үшін ғана қол жеткізу мүмкіндігін қарастырыңыз.
2. Мемлекеттік жеңілдіктер жалғыз басты ананың және олардың асырауындағы адамдардың кейбір қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесе алады. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақы әлеуметтік сақтандыру бойынша төленетін кәмететке толмаған балалары үшін жұбайына немесе екі асыраушысынан да айырылған жағдайда тікелей баланың өзіне төленеді. Бала 18 жасқа



жеткеннен кейін асыраушысы әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету тізімінен шығады және әрі қарай жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алмайды. Әр білімді азамат осындай жеңілдіктерді сауатты қолданудың тегіктерін білу керек. Бұл ешқандайда бұрыс әрекет емес, ол азаматтардың өз құқылы әлеуметтік төлемдерін алу арқылы өмір сапасын жақсарту дегенді білдіреді.

3. Өмірді сақтандыру арқылы ұрпаққа қаржылық көмек көрсету. Егер отбасын жалғыз асыраушы өз өмірін немесе денсаулығын сақтандыру компаниясы арқылы сақтаған болса, онда тәекел жағдайы туындаған сәтте отбасы мүшелері сақтандыру төлемдеріне өмір сүру мүмкіндігіне ие болады. Бұл төлем сақтандыру компаниясына асыраушының қайтыс болуы туралы куәлік берілгеннен кейін бірнеше күн ішінде жіберіледі. Шарт бойынша отбасы мүшелері сақтандыру төлеміне ие бола алады. Өмірді сақтандыру сіздің жақындарыңызға үлкен көмек көрсетеді.

### **Өмірді сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандырудың қандай түрлері бар?**

Көптеген адамдар өмірді сақтандырудың көп түрін біле бермейді. Өмірді сақтандыру мен жазатайым оқиғалардан сақтандырудың 2 түрі бар: шұғыл, кенеттен туатын тәуекелді сақтандыру және жинақтаушы. Тәуекелдік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайы орын алған кезде келісілген соманы төлеуге міндетті. Егер сақтандыру жағдайы болмаса, сақтандыру кезеңі аяқталғаннан кейін клиентке салынған ақша қайтарылмайды. Бұл ең қымбат сақтандыру нысаны. Бұл ретте сақтандыру төлемдері, егер адам жарақат алған немесе өмірден кеткен болса ғана төленеді. Егер сақтандырылған адам шартта келісілген көрсетілген мерзімге дейін толық өмір сүрсе, онда ол ештеңе алмайды. Өмірді шұғыл сақтандыру жиі «таза қорғау» деп аталады, өйткені ол жәрдемақыны тек сақтандырылған адам полиспен қамтылған «мерзім» уақыт кезеңі ішінде қайтыс болған жағдайда ғана төлейді.

Егер сіз жинақ сақтандыру шартын жасасаңыз және сақтандыру мерзімі кезінде Сіздің өміріңіз бен денсаулығыңызға ешқандай қауіп төнбесе сақтандыру сомасы клиентке бәрібір төленеді. Бұл сақтандыру түрі бойынша сіздің сақтандыру соманың инвестициялық кіріс қосылып отырады. Бұл сома сақтандыру компаниясы кез келген жағдайда төлеуге міндетті кепілдік берілген кірістен, сондай-ақ сақтандырушы компанияның пайдасына қатысудан түскен кірістен тұрады. Сондықтан жинақтаушы сақтандыру банктік салымға балама ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Мысал: Арман мен Айнұрдың ұлы бар. Ата-аналар ұлы кәмелетке толған кезде оған пәтер сатып әперетініне сенімді. Арман жыл сайын сақтандыру компаниясына жарна төлейді және ұлы 18 жасқа толғанда олар оған пәтер алуға қаржылай сертификат береді. Бұл ретте Арман 18 жыл бойы сақтандырылған еді, ол осы мерзімге дейін аман есен толық өмір сүріп келеді. Ал егер Арманмен жазатайым жағдай орын алса, сақтандыру Шартта көрсетілген күнге жинақталған соманы отбасына төлер еді..

Өмірді сақтандырудың түрлерінің өз ерекшеліктері бар. Мысалы, Сіз өмірді жинақтаушы сақтандыру туралы 20 жылға шарт жасадыңыз делік, жыл сайын сіз сақтандыру компаниясына 100 000 теңге төлейсіз. 20 жылдан кейін 2 000 000 теңге мен пайыздар алып, бұл ақшаны балаларды оқытуға немесе басқа мақсаттарға жұмсауға болады. Ал өмірді шұғыл сақтандыру туралы шарт жасай отырып, жыл сайын сіз 15000 теңге төлейсіз. Бірақ, 20 жылдан кейін сіз ештеңе де ала алмайсыз. Бірақ, сіздің өміріңізге қауіп төнсе немесе жұмысқа жарамсыз бола қалсаңыз, яғни сақтандыру жағдайы орын алса, сізге немесе сіздің отбасыңызға 2 000 000 теңге дәл сол уақытта төленеді.

Заң бойынша әрбір сақтандыру компаниясы өз тәуекелдерін басқа сақтандыру компаниясында жабуға міндетті, көбінесе бұл жоғары халықаралық рейтингі бар шетелдік сақтандыру компаниясы болады. Бір сақтандырушы басқа сақтандырушының көмегімен қайта сақтандырылады. Осылайша, мерзімді және жинақтаушы сақтандыру бағдарламалары бойынша сақтандыру сомасы барлық сақтандырылған адамдарға кепілді түрде төленеді.

Әдетте жастар өмірді сақтандыру туралы көп ойламайды, алайда сақтандыру ақшаны түрлі мақсаттарға көшіруге және жарақат алған жағдайда сол адамдардың мүдделерін қорғауға көмектеседі. Өмірді жинақтаушы сақтандыру шартын жасау кезінде сіз жас болған сайын, жарна аз болады және мерзімі өткеннен кейін сіз неғұрлым көп соманы аласыз.

Егер сақтандырылған адам қайтыс болса, оның мұрагерлері 30 күн ішінде қанша сақтандыру жарнасын салып үлгергеніне қарамастан барлық сақтандыру сомасын алады. Егер адам жазатайым оқиға салдарынан жарақат алған болса, сақтандыру төлемі соңғы соманың пайызымен қайта есептеледі. Демек, клиент қолын сындырып алса, өмірді сақтандыру туралы шарт бойынша ақша алады, бірақ бұл сома шарттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде алатын сомадан аз болады.

Өмірді сақтандыру шарты әдетте ұзақ мерзімге жасалады - 5 жылдан жоғары мерзімге. Жазатайым



оқиғалардан сақтандыру шартының стандартты қолданылу мерзімі-1 жыл. Жазатайым оқиғалардан сақтандыру кезінде сіз толық қорғауды таңдай аласыз - аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат, немесе ішінара - мысалы, тек жұмыс уақытында, тек демалу уақытында ғана.

### Есте сақтаңыз:

- Өмірді жинақтаушы сақтандыру-ұзақ уақытты қажет етеді. Егер сіз шартты мерзімінен бұрын бұзуды шешсеңіз, Сіз салған қаржатыңыздан аз қайтарасыз.
- Өмірді жинақтаушы сақтандыру табыстылығы жылдық -3-5 пайызды құрайды. Бұл банктік депозиттерге қарағанда аз, бірақ сенімді. Бірде-бір банк сіздің ақшаңызды депозитке 20 жылға салмайды, ал өмірді сақтандыру шарты 5 жылдан 20 жылға дейінгі кезеңге жасалады.



Мысалы, қазақстандық «НОМАД LIFE» өмірді сақтандыру компаниясының «Көшпенділер алтыны» өмірді жинақтаушы сақтандырудың жаңа өнімін қаржы құралдары нарығына енгізді. Шарттың қолданылу мерзімі-10 жыл сақтандыру сомасы 50 000 АҚШ доллары шамасында деп есептейік. Осы он жыл аяқталғаннан кейін компания сізге 68 805 доллар төлейді. Айырмашылық, 18 805 доллар-клиенттің кепілді есептелген табысы. Егер ақша осы уақыт ішінде банкте болса және 1% пайызмен жұмыс істесе, клиенттің сыйақысы 10 жыл ішінде тек 5231 долларды құрар еді. Және 3 жылдан астам мерзімге банк депозиттері сирек кездеседі. Бұл ретте 10 жыл бойы сақтандыру қорғанысы жұмыс істейді! Егер клиент өмірден кетсе, 68 805 доллар сақтандыру өтемі ретінде төленеді.

Көптеген жағдайларда сақтандырушылар клиенттерге аралас бағдарламалар ұсынады. Олар ақша жинауға және өлім мен аурудан қорғауға мүмкіндік береді. Өмірді сақтандырудың жинақтаушы шарттары сирек қысқа мерзімді болады - әдетте, компаниялар клиенттерді 5-10 жыл және одан да көп мерзімге сақтандырады.

Қазақстанда жинақтаушы сақтандыру бағдарламаларының шарттары депозиттердің шарттарына тең болғандықтан, салықтардың бір бөлігі бойынша, ал нақтырақ айтқанда, қосарланған салық салудан босатылды, өмірді сақтандыру компанияларында осы бағыттарды дамыту және клиенттерге инвестициялаудың тиімді шарттарын ұсыну мүмкіндігі пайда болды.

Белгілі болғандай, бүгінгі күні қазақстандық банктердің АҚШ долларындағы депозиттер бойынша мөлшерлемелері 0,1% - дан 0,5% - ға дейін құрайды. Өмірді сақтандыру компанияларында клиенттерге АҚШ долларында жоғары табыстылығы бар өнімдер ұсына бастады.

Сонымен, өмірді сақтандыру - сақтандырудың ерекше және өте күрделі түрі. Өзінің тұтынушылық қасиеттері бойынша ол жеке сақтандырудың аралас түрлеріне, сондай - ақ басқа қаржы институттары-банктердің, зейнетақы қорларының, пайлық инвестициялық қорлардың қызметтеріне тығыз байланысты. Сондықтан оны басқа ұқсас қызметтерден бөліп алу мүмкіндігі болу үшін өмірді сақтандырудың ерекше ерекшеліктерін нақты түсіну өте маңызды

Өмірді сақтандыру және жазатайым жағдайлардан сақтандыру ережелері қандай? Сақтандыруға қанша қаржат керек? - Табыстың 10% - ын өзіңіздің өміріңізді сақтандыруға қалдыру керек. Мұндай сома жалпы



өмір деңгейіне әсер етпейді, бірақ болашақта көп жеміс әкеледі.

«Өмірді сақтандыру — бұл уақыт өнімі, яғни өркениетті адамды ерекшелендіретін мәдениет.» деп айтып кеткен атақты жазушы Марк Твен

7 заттар өмірді жинақтаушы сақтандырудан қымбат кейбір заттарды талдап көрейік

**Темекі шегу.** Темекі шегушілер күніне шамамен 300 -500 теңгедей темекіге жұмсайды жұмсайды. Ал бұл бір жыл ішінде 180 000 дай теңгені құрайды. Оның орнына, осы сомаға полис ашып, 20-25 жылдан кейін қомақты сома ала алады.

**Кофе.** Бір кесе кофе, орташа алғанда, 400 – 600 теге тұрады, бұл шамамен 150 000 теңге жылына. Сондай-ақ, тәулігіне 2-3 кесе ішетін көптеген адамдар бар. Осы соманы өмірді сақтандыру мақсатына бағыттауға болады емес па?

**Гаджеттер.** Смартфонның жоғарғы моделі сіздің біраз қаражатыңызды талап етеді. Сәнді техниканың орынна функционалды бірақ арзан құралдармен алмастыруға болады.

**Авто.** Салық, техникалық күту, жанармай, тұрақ талап етеді. Егер қалада, жұмысқа алыс емес жерде тұрсаңыз автокөлікті велосипедпен немесе серуендеумен алмастыруға болады – ол денсаулық үшін де пайдалы. Және автоны күтуге шығарған қаражатыңызды сақтандыру полисіне жұмсаңыз.

Сәнді заттар.

«Кейде біз қажет емес қымбат сәнді заттарды сатып аламыз, ол кейде бізге ұнамайтын адамдарды таң қалдыру үшін болуы мүмкін». Сапалы заттарды сатып алу керек, бірақ брендке қосымша ақша шығару қажет емес. Бұл ақшаны кейінге қалдыра отырып, болашақта қаржылық тәуелсіз болуға болады.

Фаст-фуд Көптеген офистік қызметкерлер күн сайын түскі асты фаст фуд алаңдарынан тамақтанады. Ол шамасы 1000-1500 теңгені құрауы мүмкін. Бір жылда бұл сома қандай ауқымда өседі? Санап көріңізші. Сондықтан үйде даярланған асқа көшкен дұрыс, бұл үнемді және денсаулыққа пайдалы.

Әрине, «өмірдің осындай қуаныштарынан» бас тартуға шақырмаймын, бірақ табыстың бір бөлігін кейінге қалдырмасаңыз, онда бұл кедейшілікке және өмір бойы қаржылық тәуелділікке әкелетін тікелей жол болуы мүмкін

## 14 дәрістің түйіндемесі

### Өмірді сақтандырудың маңыздылығы

Өмірді сақтандыру қайтыс болғаннан кейін қалған жақындардың жұбайы (зайыбы) және балалары сияқты қаржылық әл-ауқатын барабар қамтамасыз ету үшін қаржылық қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Өмірді сақтандыру сатып алу себептері өмірлік цикл ішінде дамиды. Өмірді сақтандыру қажеттіліктеріне әсер ететін факторлар табысты ауыстыру қажеттілігін, соңғы шығындар қажеттілігін, санация кезеңінде қажеттілікті, берешекті өтеу қажеттілігін, колледжде оқуға жұмсалған шығындарды, мемлекеттік бағдарламалардың қол жетімділігін және өмірді сақтандырудың басқа түрлеріне және активтерге меншік құқығын қамтиды. Өмірді сақтандыру қажеттілігін есептеудің екі әдісі-бұл көптеген табыс әдісі және қажеттіліктерге негізделген тәсіл.

### Өмірді сақтандыру түрлері

Өмірді сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру үш түрге бөлінеді: тәуекелді-жинақтарсыз жедел сақтандыру, жинақ және жинақтаушы сақтандыру.

Өмірді мерзімді сақтандыру бойынша вариациялар кепілдік берілген жаңартылмалы мерзімді, сыйақымен бірге мерзімді, төмендететін мерзімді, айырбасталатын мерзімді, топтық мерзімді, сондай-ақ кредит пен ипотека мерзімін қамтиды. Ақша құнын сақтандыру нұсқалары өмір бойы қамтиды, шектеулі төлем өмір, реттелетін қызмет мерзімі, өзгертілген қызмет мерзімі, әмбебап қызмет мерзімі, ауыспалы өмірді сақтандыру және ауыспалы әмбебап қызмет мерзімі.

### Өмірді сақтандыру ережелері

Өмірді сақтандыру полисі-бұл сақтандыру полисінің иесі мен сақтандыру компаниясы арасындағы шарт, онда компания Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда тағайындалған бенефициарға ақшалай соманы (жәрдемақы) төлеуге уәде береді. Сіз саясаттың жалпы ережелері мен шарттарына, саясаттың ерекшеліктеріне, сондай-ақ есеп айырысу немесе төлем нұсқаларына назар аударуыңыз керек.



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Өмірді сақтандыруды жоспарлау

Өмірді сақтандыру жоспарын іске асырудың қадамдық стратегиясын қолданыңыз. Сіз доллармен нақты соманы анықтағанша және сізге қажетті полистің түрін, өмірді сақтандыру құнының әр түрлі индекстерін пайдалана отырып, сақтандыру жарналарын салыстырғанша өмірді сақтандыру сатып алу керек емес.

### **Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар**

1. Өмірді сақтандырудың қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейтін өз тәжірибеңізден мысалдар мен жағдайларды сипаттаңыз.
2. Өмірді сақтандыру қазақстандық экономикалық және әлеуметтік даму жағдайында әр қазақстандық өз өмірін сақтандыру арқылы қаржыларын басқара алады ма, пікіріңізді жинақтап жазыңыз.
3. Өмірді сақтандырудың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар деп ойлайсыз?

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жеке тұлғалардың өмірін сақтандыру түсініктеріне анықтама беріңіз.
2. Өмірді сақтандырудың түрлерін атаңыз.
3. Сақтандыру бойынша төлем кепілдігі қандай болады?
4. Өмірді сақтандыру және жазатайым жағдайлардан сақтандыру ережелерін сипаттап беріңіз

### **Қосымша ресурстар**

1. Карен Л. Хамильтон .:Личное финансовое планирование. Страхование, инвестиции, пенсии, наследство . Издательство: Инфра-М , 2007 г. 250
2. С. Лукас.: Личное состояние: Приумножать, защищать, распоряжаться. М:Издательство Альпина, 2007 г. 320 с